Шу ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекараларымен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша).

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар:

1. Геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді;
2. Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді;
3. Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды – және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді;
4. Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді;
5. Шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді;
6. Екпе және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді;
7. Малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша: Көкқайнарауылдық округінде 1 ауылдық елді мекен бар.

Көкқайнар ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 38457,7 гектар, оның ішінде егістік – 7076 га, жайылым жерлері – 21836 га., суармалы жер – 206 га., шабындық жер – 382 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 29294 гектар;

елді мекеннің жері – 3596 гектар;

елді мекеннің егістік жері – 50 га;

елді мекеннің жайылым жері – 3438 гектар.

Геоботаникалық жағдайы:

Табиғи жағдайлар бойынша Көкқайнар ауылдық округінің аумағы дала аймағының шегінде және агроклиматтық көрсеткіштер және климаттық жағдайына Шу-Іле тауларының орналасуы үлкен әсерін тигізеді. Қысқы мерзімде азиялық циклонның әсерінен қайталануы 20 дан 30% аралықты құрайтын шығыс бағыттан соғатын желі бар, осының салдарынан ауыл территориясының қысы суық және орташа ауа температурасы  $-5-8^{\circ}\text{C}$  құрайды. Көктемгі уақыты тұрақты жылы режиммен ерекшеленеді.

Топырақ негізінен қара кей жерлерде сары, жалпы құрғақ топырақпен ерекшеленеді. Округ аумағында көп таралған топырақтың ақшыл сары карбонатты түрлері кездеседі. Олар негізінен орта және төменгі тау аумағындағы жазықтарда сондай-ақ төменгі үстірттерде, ылдиларда таралған. Бұл топырақтар негізінен округте тәлімді және суармалы егін шаруашылығы үшін игеріледі.

Ауылшаруашылығы өндірісінің түрлі саласын дамытуға климаттық жағдайлар қолайлы әсер етеді. Таулы аймақтарда, ылғалдың көп түсуіне байланысты, тәлімі жер

пайдалану дамыған. Негізінен жаздық дәнді дақылдар және бидай өсіріледі, Округтің солтүстік-шығыс бөлігінде, ылғалдың аз түсуіне сәйкес, егін шаруашылығы қосымша суару арқылы жүргізіледі. Тау баурайлары, жазғы және көктем-күзгі уақыттарда жайылым ретінде пайдаланып, ірі-қара мал, қой және жылқы өсіріледі.

Ветеринариялық-санитариялық объектілер:

Көкқайнар ауылдық округіне қарасты 1 ветеринарлық-санитарлық объектілер орналасқан. 1 мал дәрілерлік пунктері, 1 өлексе малдарды тастайтын орын ауылдың батыс жақ бетінде орналасқан. Мал өлекесін тастайтын орын деген жазуы бар тақтайшалармен белгіленді.

Мал басысаны туралы деректер:

2021 жылдың 31 желтоқсанына Көкқайнар ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ШҚ) ірі қара 1228 бас, оның ішінде 537 бас аналық мал, 23151 бас ұсақ мал, 830 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Көкқайнар ауылында: Жайылым көлемі 3438 гектар.

ірі қара мал 558 бас, оның ішінде аналық мал 200 бас, ұсақ мал 11230 бас, жылқы 664 бас.

Шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы – 18398 гектарды құрайды.

Шаруа қожалықтардың ірі қара малы 670 бас, аналығы 337 бас, уақ мал – 11921 бас, жылқы – 166 бас.

Көкқайнар ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 18398 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 3438 гектар жайылым бар.

Жайлауға шығатын мал саны:

Көкқайнар ауылдық округінде МІҚ-дан 2-табын, жылқыдан 2-үйір, уақ малдан 5-отар жайылуға шығады.

Көкқайнар ауылдық округінде екпе және аридті жайылымдар жоқ.

Көкқайнар ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Көкқайнар) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 3438 га көлемінде, жүктеме нормасы 4 га/бас болғанда қажеттілік 3180 га қажет етпейді. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді сатып алу есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 2016 га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 4 га / бас болғанда, Ұсақ мал – 0,1 га / бас., жылқы – 1/4 га / бас.

Шалғайдағы қыстақ малдарын қоспағанда:

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-227 бас.  $*0,8* 4 \text{ га/бас.} = 726,4 \text{ га}$






Ауылдық округтердің шекарасы



Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар



Елді мекен санатындағы жайылымдар



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы егістіктер



Суармалы егістік жерлер

| Мал саны, бас |                  |     |         |       |         |  |      |       |         |
|---------------|------------------|-----|---------|-------|---------|--|------|-------|---------|
| №             | Елді-мекен атауы | МІҚ | Уақ мал | Жылқы | барлығы | Оның ішінде елді мекен шегіне шығатындар |      |       |         |
|               |                  |     |         |       |         | МІҚ                                      | Уақ  | Жылқы | Барлығы |
| 1             | Көкқайнар        | 558 | 11230   | 664   | 12452   | 227                                      | 2830 | 187   | 3244    |
| 3             | Барлығы          | 558 | 11230   | 664   | 12452   | 227                                      | 2830 | 187   | 3244    |

**Көкқайнар ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын)мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер**

№ 2 кесте


| № | Елді мекені  | МІҚ | Уақ мал | Жылқы | Қажетті шартты Жайылым 4га* мал басы | Округтегі жайылым жер, га | Жетіспейтін жайылым |  |
|---|--------------|-----|---------|-------|--------------------------------------|---------------------------|---------------------|--|
| 1 | Көкқайнар а. | 227 | 2830    | 187   | 2336,4                               | 3438                      | -                   |  |
|   | Барлығы      | 227 | 2830    | 187   | 2336,4                               | 3438                      | -                   |  |

Ескертпе: Жайылым алқаптарының қалыптасқан жерлерге жайылымдық жерлер қажет етпейді.





Көкқайнар ауылдық округінде 5-7 радиуста орналасқан жайылым жерлер жоқ

Көкқайнар ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
2-қосымша

**Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары**



Шартты белгілер:

-  Ауыл шекарасы
-  Ауылдарға жақын жайылымдар
-  Мал жайылу айналымдары
-  Елді мекендер

### Түсіндірме

Көкқайнар ауылдық округі бойынша жайылым айналымын қолайлы пайдалану үшін ауылдан шығарылатын мүйізді ірі қара және ұсақ мал падалары көктемгі жазғы





## Шартты белгілер:



Ауылдық округтердің шекарасы



Елді мекендер жерлері санаттағы жайылымдар



Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері



Негізгі суармалы егістік

## Түсіндірме

Көкқайнар ауылдық округі бойынша шалғайда орналасқан жайылымдарға ауылдан шығатын мүйізді ірі қара және ұсақ мал падалары көктемгі жазғы маусымда жеке шаруа қожалықтың 18398 га, жайылым жерлеріне (МІҚ, ҰҚМ, жылқы) малдары (шаруа қожалық иелерімен келісіп, әр малға ақыларын төлеп) күзгі маусымға дейін шығарылады. Күзгі маусымда шаруа қожалық жетекшілерімен меморандум жасалып, шаруа қожалық иелігіндегі ауылдың маңына жақын орналасқан 2493га. егістік жерлерін жинап болғаннан соң МІҚ, ҰҚМ, жылқы малдары шілде айынан бастап жайылады.

Көкқайнар ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.


Көкқайнар ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
4-қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**


Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығымен бекітілген жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

Көкқайнар ауылдық округінің аумағында суару немесе суландыру бойынша шешімін таппай тұрған мәселе, себебі 270 га. суармалы егістік жер болғанымен округте су жоқ.



Шартты белгілер:



## Түсіндірме

Көкқайнар ауылдық округінің аумағында ауыл шаруашылық жануарларын сумен қамтамасыз ету жеткіліксізденгейде. Сондықтан, ауылдың жоғарғы жақ беткейінен ауыл шаруашылық жануарларына шамамен 5 шақырым немесе 30-50 литр су шығатындай су бөгетін немесе артизан қаздырып беру қамтылған, қазіргі уақытта ешқандай су (артизан) орнатылған жоқ.

Көкқайнар ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.


Көкқайнар ауылдық округінде  
 2022-2023 жылдарға арналған  
 жайылымдарды және оларды  
 пайдалану  
 басқару жөніндегі жоспарға  
 5-қосымша





Көкқайнар ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Көкқайнар ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және оларды  
пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
6-қосымша



### Шартты белгілер:



Ауылдық округ шекарасы



Егістік жерлер



Жалпы шалғайдағы жайылым жерлер

## Түсіндірме

Осы жоғарыдағы көрсетілген түсіндірме тармақшалардан мал жаюдың ішкі және сыртқы шекаралары, және суғару жүйелерінің толық қамтамасыз етілуі жайылымдардың жетіспеу кемшіліктерінің жойылып бірқалыпты жүйенің жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Көкқайнар ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Көкқайнар ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
7-қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

| № | Ауылдық округ атауы | 2022 жылғы қоршаулар саны |    |    |     | 2023 жылғы қоршаулар саны |    |     |    |
|---|---------------------|---------------------------|----|----|-----|---------------------------|----|-----|----|
|   |                     | 1                         | 2  | 3  | 4   | 1                         | 2  | 3   | 4  |
| 1 | Көкқайнар           | КЖМ                       | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ                       | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі – жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы – күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ДҚ – демалушы қоршау

Шу аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 29 шілдедегі  
№ 32-6 шешіміне  
12- қосымшасы

## Қорағаты ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар

Шу ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына ( Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып



тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекараларымен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша).

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар:

1. Геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді;

2. Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді;

3. Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды – және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді;

4. Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді;

5. Шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді;

6. Екпе және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді;

7. Малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша: Қорағаты ауылдық округінде 3 ауылдық елді мекен бар. Мойынқұм, Жиенбет және Еңбек ауылдары.

Қорағаты ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 23017 гектар, оның ішінде егістік – 7660,3 га, жайылым жерлері – 13911 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 9835 гектар;

елді мекендердің жері – 4574 гектар;

барлық басқа да жерлер – 1314,1 га;

қордағы жерлер – 5321,6

Геоботаникалық жағдайы:

Табиғи жағдайлар бойынша Қорағаты ауылдық округінің аумағы дала аймағының шегінде және агроклиматтық көрсеткіштер бойынша агроклиматтық ауданда: құрғақ қалыпты жылы континенталды: қысы қатаң, қарлы борандар көп байқалады, кей жылдары көктемде селдер жүреді, жазы-ыстық. Қаңтар айының орташа температурасы -19, -26 градус, шілде айы +24, +30 градус. Жылдық атмосфералық жауын-шашынның көлемі орташа 300-500 мм. құрайды.

Топырақ негізінен сары топырақ және құмақ шөлейт болып екіге бөлінеді. Округ аумағынан Шу өзені мен Қорағаты өзені ағып сары топырақпен құмақ шөлейт жерлерді бөліп тұр, оңтүстік шығысы сары топырақ болса, солтүстік батысы құмақ шөлейт.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің түрлі саласын дамытуға климаттық жағдайлар қолайсыз әсер етеді. Негізінен округтің басым бөлігінде жоңышқа, жүгері, күздік және жаздық дәнді дақылдар мен бау-бақша өсіріледі. Өңірімізде жазғы және көктем-күзгі уақыттарда жайылым жерлер жеткілікті ірі-қара мал, қой және жылқы өсіріледі.

Ветеринариялық-санитариялық объектілер:

Қорағаты ауылдық округінде 1 мал дәрілерлік пункті орналасқан. Мал өлекселерін тастайтын Беккари шұңқыры жоқ.

Мал басысаны туралы деректер:

2021 жылдың 31 желтоқсанына Қорағаты ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ШҚ) ірі қара 2517 бас, оның ішінде 2259 бас аналық мал, 5720 бас ұсақ мал, 155 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Мойынқұм ауылында: Жайылым көлемі 5027 гектар.

ірі қара мал 1624 бас, оның ішінде аналық мал 1562 бас, ұсақ мал 2270 бас, жылқы 30 бас.

Жиенбет ауылында: Жайылым көлемі 869 гектар.

ірі қара мал 206 бас, оның ішінде аналық мал 135 бас, ұсақ мал 652 бас, жылқы 16 бас.

Еңбек ауылында: Жайылым көлемі 940 гектар.

ірі қара мал 127 бас, оның ішінде аналық мал 103 бас, ұсақ мал 278 бас, жылқы 9 бас.

Жалпы округтегі ауыл ішілік жайылым көлемі – 6836 гектарды құрайды.

Қорағаты ауылдық округінің, шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: ірі қара 560 бас, аналығы 459 бас, ұсақ мал 2520 бас, жылқы 100 бас.

Шаруа және фермер қожалықтарының жайылым алаңы – 5474 гектарды құрайды.

Қорағаты ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын қамтамасыз ету үшін барлығы 13911 гектар жайылымдық жерлер бар. Елді мекен шегінде 6836 гектар жайылым бар.

Жайлауға шығатын мал саны:

Қорағаты ауылдық округі бойынша жайлауға МІҚ – 4 табын, ұсақ мал – 4 отар және жылқы – 1 үйіршығады.

Қорағаты ауылдық округінде екпе және аридті жайылымдар жоқ.

Қорағаты ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы 424 га. құрап отыр. Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекен іргесіндегі жайылым 6836 га. көлемінде, жүктеме нормасы бойынша 424 га. қажеттілік туындауда.

$МІҚ 1800 * (0,8 * 4) \text{ га/бас} = 5760 \text{ га.}$

$Ұсақ мал бойынша 3200 * (0,1 * 4) \text{ га/бас} = 1280 \text{ га.}$

$Жылқы үшін 55 * (1 * 4) \text{ га/бас} = 220 \text{ га.}$

Барлығы 7260 га

Ауылдық округ бойынша мал басының тұрақты өсуіне байланысты, жайылымдық жерге деген қажеттілік жылдан-жылға артып келеді. Сондықтан қажеттілік туындайтын жайылымдық жерлерді шешу үшін, ірі шаруа қожалық иелерімен (ауылдың малы ортақ жайылу үшін) меморандум жасалуда.

Қорағаты ауылдық округінде  
жайылымдарды басқару және оларды  
пайдалану жөніндегі 2022-2023  
жылдарға арналған жоспарға 1-  
қосымша

**Қорағаты ауылдық округінің аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**





|   |                        |              |     |     |    |       |       |     |             |    |    |             |            |
|---|------------------------|--------------|-----|-----|----|-------|-------|-----|-------------|----|----|-------------|------------|
| 6 | Фарзи<br>ев Р.         | 100          | 0   | 100 | 2  | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 0           | 40 | 8  | 48          | 52         |
| 7 | Амир<br>ов В.          | 83           | 129 | 0   | 0  | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 412,8       | 0  | 0  | 412,8       | -329,8     |
| 8 | Оразы<br>мбето<br>в Б. | 40           | 0   | 0   | 0  | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 0           | 0  | 0  | 0           | 40         |
| 9 | Б.Тум<br>абаев         | 200          | 30  | 0   | 8  | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 96          | 0  | 32 | 128         | 72         |
|   | Қорыт<br>ынды          | 1 990,<br>36 | 322 | 100 | 16 |       |       |     | 1 030,<br>4 | 40 | 64 | 1 134,<br>4 | 855,<br>96 |

**Қорағаты ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде МПҚ аналық (сауын) мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер**

№ 2 кесте

| № | Елді мекені | Жайылым алаңы, (га) | Сауын сиырлар-дың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) | Жайылымдар-дың қажеттілігі, (га) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (га) |
|---|-------------|---------------------|-------------------------------|--|----------------------------------|---|------------------------------------|------------------|
| 1 | Мойынқұм    | 5027                | 1562                          | 0,8*4 га                                 | 4998,4                           | -                                       | 100                                | 28,6             |
| 2 | Жиенбет     | 869                 | 135                           | 0,8*4 га                                 | 432                              | -                                       | 100                                | 437              |
| 3 | Еңбек       | 940                 | 103                           | 0,8*4 га                                 | 329,6                            | -                                       | 100                                | 610,4            |
|   | Барлығы     | 6836                | 1800                          |  | 5760                             | -                                       | 100                                | 1076             |

Ескертпе: сауын сиырларға арналған жайылымдық жерлердің жетіспейтін саны 0 га

**Қорағаты ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер**

№ 3 кесте

| № | Елді мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) |       |          | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) |       |          | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) |       |         |              | Жайылымдарды бөлу        | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % |
|---|------------|------------------------------------|-------|----------|--|-------|----------|---------------------------------|-------|---------|--------------|--------------------------|------------------------------------|
|   |            | І Қ М                              | Ұ Қ М | Ж ы л-қы | І Қ М                                    | Ұ Қ М | Ж ы л-қы | І Қ М                           | Ұ Қ М | Ж ы лқы | Барлығы (га) |                          |                                    |
|   |            |                                    |       |          |  |       |          |                                 |       |         |              | Е.Ергазиев<br>444,38 га. |                                    |


|   |            |         |       |    |       |       |     |         |       |     |         |  |      |
|---|------------|---------|-------|----|-------|-------|-----|---------|-------|-----|---------|--|------|
| 1 | Мойынкұма  | 1 6 2 4 | 2 270 | 30 | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 5 196,8 | 908   | 120 | 6 224,8 | А.Садыкбеков 686,4 га.<br>Р.Ахметжанов 30 га.<br>Р.Фарзиев 100 га.<br>В.Амиров 83 га.<br>Б.Оразымбетов 40 га.<br>Барлығы - 1383,78 га. | 22,2 |
| 2 | Жиенбет а. | 2 0 6   | 652   | 16 | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 659,2   | 260,8 | 64  | 984     | С.Беккулова 93 га.<br>Барлығы - 93 га.   | 9,45 |
| 3 | Еңбек а.   | 1 2 7   | 278   | 9  | 0,8*4 | 0,1*4 | 1*4 | 406,4   | 111,2 | 36  | 553,6   | М.Ахмет 313,58 га.<br>Б.Тумабаев 200 га.<br>Барлығы - 513,58 га.   | 92,7 |
|   | Жалпы      | 1 9 5 7 | 3 200 | 55 |       |       |     | 6 262,4 | 1280  | 220 | 7 762,4 | 1990,36  | 25,6 |

Қорағаты ауылдық округінде  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі  
2022-2023 жылдарға арналған жоспарға  
2-қосымша


### Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары



Жамбыл облысы Шу ауданы Қорағаты округі  
бойынша жер пайдаланушылар және бос жер учаскелерінің  
КЕЗЕКШІ КАРТАСЫ  
кадастрлық кварталдар 06-096-011; 012; 013; 014)



Шартты белгілер:



Ауыл шекарасы  
Ауылдарға жақын жайылымдар



Мал жайылу айналымдары



Елді мекендер


## Түсіндірме

Қорағаты ауылдық округі бойынша жайылым айналымын қолайлы пайдалану үшін Мойынқұм, Жиенбет және Еңбек ауылдарынан шығарылатын мүйізді ірі қара және ұсақ мал падалары көктемгі жазғы маусымда елді мекендердің 6836 га. жерінде жайылады.


Қорағаты ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Қорағаты ауылдық округінде  
жайылымдарды басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2022-2023 жылдарға арналған  
жоспарға 3-қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері**



Шартты белгілер:



Ауылдық округтердің шекарасы



Елді мекендер жерлері санаттағы жайылымдар



Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері



Негізгі су көздері (өзендер, көлдер, тоғандар және т. б.)

## Түсіндірме

Қорағаты ауылдық округінің малдары маусымдық жайылымға шықпай-ақ округ төңірегінде жайылымдар жеткілікті.

Қорағаты ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Ішкі және сыртқы шекаралардағы маусымдық жайылымдар учаскелері жоқ.

Негізгі су көздері Шу және Қорағаты өзендері мен "ЛДРХ-2" және "ЛДРХ-3" каналдары.


Қорағаты ауылдық округінде  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі 2022-2023 жылдарға  
арналған жоспарға  
4-қосымша

**Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы**










Бір ауыл шаруашылығы жануарына су тұтынудың орташа тәуліктік нормасы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығымен бекітілген жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларының 9-тармағына сәйкес айқындалады.

Қорағаты ауылдық округінің аумағында суару немесе суландыру бойынша Қорағаты өзенімен Шу өзенінен алады. Сонымен қатар суармалы маусымда "ЛДРХ-2" және "ЛДРХ-3" каналдары арқылы суарылады.





Шартты белгілер:


|   |   |
|---|---|
|  | Ауыл шекарасы   |
|  | Желілік су объектілері (өзендер)<br>Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суаруорындары және басқа да көздер |
|  | Елді мекендер   |
|  | Егістік   |
|  | Табиғи жайылымдар<br>Жайылымдық инфрақұрылым объектісі  |
|  | Жайылым айналымдары №   |
|  | Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары                                |
|  | Жайылым пайдаланушылардың қол жеткізу маршруты  |
|  | Түбегейлі жақсартылған жайылым  |

## Түсіндірме

Қорағаты ауылдық округінің аумағында ауыл шаруашылық жануарларын сумен қамтамасыз ету орташа деңгейде. Қорағаты ауылдық округінен өтетін Қорағаты және Шу өзендерінен су ішеді. Сонымен қатар суармалы маусымда "ЛДРХ-2" және "ЛДРХ-3" каналдары арқылы суарылады.

Қорағаты ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Қорағаты ауылдық округінде  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі  
2022-2023 жылдарға арналған жоспарға  
5-қосымша



Шартты белгілер:





Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Ауылдық округ шекарасы

## Түсіндірме

Қорағаты ауылдық округі бойынша жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдары жоқ.

Қорағаты ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Қорағаты ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және оларды  
пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
6-қосымша



Шартты белгілер:



Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Ауылдық округ шекарасы



Егістік жерлер

## Түсіндірме

Осы жоғарыдағы көрсетілген түсіндірме тармақшалардан мал жаюдың ішкі және сыртқы шекаралары, және суғару жүйелерінің толық қамтамасыз етілуі жайылымдардың жетіспеу кемшіліктерінің жойылып бірқалыпты жүйенің жұмыс істеуіне септігін тигізеді.

Қорағаты ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Округ бойынша жалпы шалғайдағы жайылым жерлер жоқ.

Қорағаты ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару және оларды  
пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
7-қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

| № | Ауылдық округ атауы | 2022 жылғы қоршаулар саны |    |    |     | 2023 жылғы қоршаулар саны |    |     |    |
|---|---------------------|---------------------------|----|----|-----|---------------------------|----|-----|----|
|   |                     | 1                         | 2  | 3  | 4   | 1                         | 2  | 3   | 4  |
| 1 | Қорағаты            | КЖМ                       | ЖМ | ДҚ | ЖКМ | КЖМ                       | ЖМ | ЖКМ | ДҚ |

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

КЖМ –көктемгі – жазғы маусым;

ЖКМ – жазғы – күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;

ДҚ – демалушы қоршау

Шу аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 29 шілдедегі  
№ 32-6 шешіміне  
13- қосымшасы

**Өндіріс ауылдық округінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар**

Шу ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылдың 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің рұқсат етілген шекті нормасын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1 қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекараларымен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7 қосымша).

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар:

1. Геоботаникалық тексерудің жай-күйі туралы мәліметтерді;

2. Ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтерді;

3. Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басының саны туралы деректерді, олардың иелерін көрсете отырып қабылданды – және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер туралы мәліметтерді;

4. Ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық-жас топтары бойынша қалыптастырылған табындардың, отарлардың, табындардың саны туралы деректерді;

5. Шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтерді;

6. Екпе және аридті жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы мәліметтерді;

7. Малды айдауға арналған сервитуттар туралы мәліметтерді және мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Өндіріс ауылдық округінде 1 ауылдық елді мекен бар.

Өндіріс ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 102690 гектар, оның ішінде егістік – 4036 га, жайылым жерлері – 95657 га.

Жер санаттары бойынша:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 24623 гектар;

елді мекен жері – 3098 гектар;

барлық басқа да жерлер – 420 га;

Геоботаникалық жағдайы:

Табиғи жағдайлар бойынша Өндіріс ауылдық округінің аумағы дала аймағының шегінде және агроклиматтық көрсеткіштер жәнәклиматтық жағдайына Шу-Іле тауларының орналасуы үлкен әсерін тигізеді. Қысқы мерзімде азиялық циклонның әсерінен қайталануы 30 дан 60 % аралықты құрайтын шығыс бағыттан соғатын жел басымдыққа ие. Осының салдарынан аудан территориясының қысы суық және орташа ауа температурасы -7-100С құрайды.

Көктемгі уақыт тұрақсыз жылы режиммен ерекшеленеді. Соңғы аязды уақыт сәуір айының екінші жартысы мен мамыр айының басында қайталануы мүмкін. Аязсыз уақыттың орташа ұзақтығы 140 – 180 күнді құрайды. Жазы ыстық, ұзақтығы 120-140 күнді құрайды. Ауаның жоғары температурасы құрғақ ауа райымен қатар келеді. Шілде айының орташа температурасы +24,5 +25,50С құрайды.

Топырақ негізінен төрт түрлі болып келеді. Олар: қара-қоңыр түсті, ашық-қоңыр түсті, кәдімгі солтүстік сұртопырағы мен солтүстік ашық сұртопырағы.

Ветеринариялық-санитариялық объектілер:

Өндіріс ауылдық округіне қарасты 3 ветеринарлық-санитарлық объектілер орналасқан. 1 мал дәрілерлік пункті, 1 өлексе малдарды тастайтын Беккери шұңқыры және 1 Сібір ошағы Абай ауылының солтүстік батысында орналасқан. Сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері көмілген мал қорымдарына адамдар мен жануарлар кіре

алмайтындай етіп бүкіл периметрі бойынша биіктігі кем дегенде 1,5 метр болатын қоршаумен (металдан немесе бетоннан) қоршалған. "Сібір жарасы" деген жазуы бар тақтайшалармен (аурудың пайда болған күні) белгіленеді. Сібір жарасынан өлген жануарлар өлекселері, сондай-ақ жануарлардан алынған шикізат пен өнім арнайы қондырғыларда өрттеледі. Күл қалдығы Беккери шұңқырына салынады.

Мал басынаны туралы деректер:

2021 жылдың 31 желтоқсанына Өндіріс ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ШҚ) ірі қара 3338 бас, оның ішінде 986 бас аналық мал, 26685 бас ұсақ мал, 587 бас жылқы бар. Оның ішінде:

Абай ауылында: Жайылым көлемі 1941 гектар.

ірі қара мал 562 бас, оның ішінде аналық мал 562 бас, ұсақ мал 3296 бас, жылқы 212 бас.

Жайылымға шығатын мал саны:

Өндіріс ауылдық округінде МІҚ-дан 2 табын, жылқыдан 7 үйір, уақ малдан 6 отаржайылуға шығады.

Өндіріс ауылдық округінде екпе және аридті жайылымдар жоқ.

Өндіріс ауылдық округінде мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 15 бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Абай ауылына) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша 1941 га көлемінде, жүктеме нормасы 4 га/бас болғанда қажеттілік 3965га құрайды. Жайылымдық жерлердің қалыптасқан қажеттілігін Мемлекет мұқтажы үшін жерлерді сатып алу есебінен толықтыру қажет.

Жергілікті халықтың басқа ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жерлердің қажеттілігі 3965га, ІҚМ басына жүктеме нормасы 0,8 га / бас болғанда, Ұсақ мал – 0,1 га / бас, жылқы – 1 га/ бас.

Шалғайдағы қыстақ малдарын қоспағанда:

Қажеттілік:

ІҚМ үшін-562 бас \* 0,8 га/бас.= 449,6 га;

ұсақ мал үшін- 3296 бас \* 0,1 га/бас.= 329,6 га;

жылқы үшін-212 бас \* 1 га / бас.= 127,2 га

$449,6+329,6+212 * 4 = 3964,8$

Жайылым алқаптарының қалыптасқан қажеттілігін 3965 га көлемінде, келесі ШҚ-н жерлеріне жаю жоспарланады: Р. Калмырзаева –662,83 га, С.Торекулова - 47,0 га, Б.Баєтов - 30,6 га, Д.Дауылбаєв -75,48 га, Ғ.Дауталиєв – 224,08 га, Е.Ахметов - 84 га, Б.Саулебаєв - 25,9 га, Д.Бахтиєв -112 га, А.Акдилдаєв - 213,2 га. Барлығы: 1475,09 га.

Осы Жоспардың 6-қосымшасына сәйкес, Өндірісауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын Өндіріс ауылдық округінің

шалғайдағы жайылымдарына ауыстыру есебінен 3965 га жайылымдық жерлердің қалған қажеттілігін өтеу қажет.

Дегенмен округ жайылымының бары небәрі 1941 га. болғандықтан, белгіленген межеге сәйкес 2024 га. қажеттілік туындайды.

Шешу жолдары:

Өндіріс ауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының қажетті жетіспейтін жайылымды:

41. Елді мекендегі ішкі жайылымдарға жаю есебінен – 1941га;

42. Жайылатын мал саны – 562 бас елді мекеннің сиыры;

43. Елді-мекеннен 5-7 радиуста орналасқан жайылым жерлерді қайтару. 9 шаруа қожалықтың – 1475,09га жайылым жерлерін қайтарудан;

44. Өндіріс ауылдық округінің елді-мекенінің жайылымына "Абай" ӨК жер қорынан 940,349 га қосылды;


45. Қажеттілік туындайтын жайылым жерлерді бөлу туралы округтегі көп көлемді жайылым жерлері бар 7 шаруа қожалықтардың 1562,74 га болатын жерлеріне шаруалардың ауыл шаруашылығы жануарлары мен жергілікті халықтың ауыл шаруашылығы жануарлары бірге жайылу туралы меморандумға тұру арқылы;

Барлығы қажетті жайылым жерлер 2024 га. жоғарыда көрсетілген тармақшалардан өтелетін болады.

Өндіріс ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
1-қосымша

**Өндіріс ауылдық округінің аумағында құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (қартасы)**





Шартты белгілер:




Ауылдық округтердің шекарасы



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар



Елді мекен санатындағы жайылымдар



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы егістіктер



Суармалы егістік жерлер

## Түсіндірме

Өндіріс ауылдық округінде Абай елді мекені орналасқан, осы елді мекеннің жайылым жері 1941га құрайды, Өндіріс ауылдық округінің елді-мекенінің жайылымына "Абай" ӨК жер қорынан 940,349 га қосылды.

Өндіріс ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

## Өндіріс ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелері тізімі

№ 1 кесте

| № | Жер учаскелерін жер пайдаланушылардың атауы | Жайылым алаңы, (га) | Түрлері бойынша малдың болуы, (бас) |     |      | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) |     |      | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) |     |      |           | Артық жайылымдар, (га) |
|---|---|---------------------|-------------------------------------|-----|------|--|-----|------|---------------------------------|-----|------|-----------|------------------------|
|   |   |                     | ІҚМ                                 | ҰҚМ | Жылы | ІҚМ                                      | ҰҚМ | Жылы | ІҚМ                             | ҰҚМ | Жылы | Жыны (га) |                        |
| 1 | " Молдаш" ш/қ                               | 662,83              | 11                                  | 200 | 14   | 0,8                                      | 0,1 | 1    | 35,2                            | 80  | 56   | 171,2     | 491,63                 |
| 2 | " Ержан" ш/қ                                | 47,0                | 0                                   | 400 | 0    | 0,8                                      | 0,1 | 1    | -                               | 160 | -    | 160       |                        |
| 3 | " Мерей" ш/қ                                | 30,6                | 0                                   | 0   | 0    | 0,8                                      | 0,1 | 1    | -                               | -   | -    | -         | 30,6                   |
| 4 | " Жалғас" ш/қ                               | 75,48               | 0                                   | 0   | 0    | 0,8                                      | 0,1 | 1    | -                               | -   | -    | -         | 75,48                  |
| 5 | " Ғабиток" ш/қ                              | 224,08              | 15                                  | 0   | 10   | 0,8                                      | 0,1 | 1    | 48                              | -   | 40   | 88        | 136,08                 |
| 6 | " Алмас" ш/қ                                | 84                  | 80                                  | 0   | 0    | 0,8                                      | 0,1 | 1    | 256                             | -   | -    | 256       | -                      |
| 7 | " Рәжім" ш/қ                                | 25,9                | 0                                   | 100 | 0    | 0,8                                      | 0,1 | 1    | -                               | 40  | -    | 40        |                        |
| 8 | " Дильм                                     | 112                 | 0                                   | 200 | 10   | 0,8                                      | 0,1 | 1    | -                               | 80  | 40   | 120       |                        |

|   |                           |              |     |      |    |     |     |   |        |     |     |        |            |
|---|---------------------------|--------------|-----|------|----|-----|-----|---|--------|-----|-----|--------|------------|
|   | урат"<br>ш/қ              |              |     |      |    |     |     |   |        |     |     |        |            |
| 9 | "<br>Асанә<br>лі" ш/<br>қ | 213,2        | 0   | 200  | 10 | 0,8 | 0,1 | 1 | -      | 80  | 40  | 120    | 93,2       |
|   | Қорыт<br>ынды             | 1 475,<br>09 | 106 | 1100 | 44 |     |     |   | 339, 2 | 440 | 176 | 955, 2 | 826,<br>99 |

**Өндіріс ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын)мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер**

№ 2 кесте

| № | Елді мекені | Жайылым алаңы, (га) | Сауын сиырлардың болуы (бас) | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) | Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га) | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % | Артықшылық, (га) |
|---|-------------|---------------------|------------------------------|--|---------------------------------|---|------------------------------------|------------------|
| 1 | Абай ауылы  | 1941                | 562                          | 0,8*4                                    | 1798,4                          | -                                       | 100                                | 142,6            |
|   | Барлығы     | 1941                | 562                          | 0,8*4                                    | 1798,4                          | -                                       | 100                                | 142,6            |

Ескертпе: сауын сиырларға арналған жайылымдық жер толықтай қамтылып отыр.


**Өндіріс ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер**

№ 3 кесте

| № | Елді мекен | Малдың болуы түрлері бойынша (бас) |      |       | Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га) |       |       | Жайылымдардың қажеттілігі, (га) |         |       |                | Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, % |
|---|------------|------------------------------------|------|-------|--|-------|-------|---------------------------------|---------|-------|----------------|------------------------------------|
|   |            | ІҚМ                                | ҰҚМ  | Жылқы | ІҚМ                                      | ҰҚМ   | Жылқы | ІҚМ                             | ҰҚМ     | Жылқы | Қорытынды (га) |                                    |
| 1 | Абай ауылы | 562                                | 3296 | 212   | 0,8*4                                    | 0,1*4 | 1*4   | 1 798,4                         | 1 318,4 | 848   | 3 964,8        | 100                                |
|   | Жалпы      | 562                                | 3296 | 212   |  |       |       | 1 798,4                         | 1 318,4 | 848   | 3 964,8        | 100                                |

Өндіріс ауылдық округінде 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарға 2-қосымша

**Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары**



Шартты белгілері:





Ауылдық округтердің шекарасы



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы жайылымдар



Елді мекен санатындағы жайылымдар



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері санатындағы егістіктер



Суармалы егістік жерлер


## Түсіндірме

Өндіріс ауылдық округі бойынша жайылым айналымын қолайлы пайдалану үшін Абай ауылынан шығарылатын мүйізді ірі қара және ұсақ мал падалары көктемгі жазғы маусымда елді мекендердің 1941 га және Абай ӨК қорынан қосылып берілген 940,349 га жайылым жерлеріне күзгі маусымға дейін жайылуы жоспарланған. Күзгі маусымда шаруа қожалық жетекшілерімен меморандум жасалып, шаруа қожалық иелігіндегі егістік жерлерін жинап болғаннан соң МІҚ, ҰҚМ, жылқы малдары жайылатындығы жоспарланған.





Өндіріс ауылдық округінде арнайы мал айдау жолдарының белгілері орнатылмаған, жер телімдері арасында бұрыннан қалыптасқан жолдар арқылы жайылымға шығарылады.

Өндіріс ауылдық округінде  
2022-2023 жылдарға арналған  
жайылымдарды  
басқару және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
3-қосымша

**Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері**



